

Жер учаскесін немесе жер учаскесін жалдау құқығын сатып алу-сатудың шарты

Жосалы кенті

№ _____

2022 жыл _____

Біздер, төменде қол қоюшылар, бұдан әрі «Сатушы» деп аталатын «Қармақшы аудандық жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің атынан бөлім басшысы Еркебаев Ерлан Мырзабекович бірінші тараптан және бұдан әрі «Сатып алушы» деп аталатын _____ екінші тараптан, төмендегілер туралы осы Шартты жасастық:

1. Шарттың мәні

1. Сатушы Шартқа қоса беріліп отырған жер учаскесі жоспарының шекарасындағы мемлекет меншігіндегі жер учаскесін сатады, ал Сатып алушы сатып алады.

2. Жер учаскесінің орналасқан жері мен оның деректері:

Қармақшы ауданы, Ақтөбе ауылы аумағынан

Кадастрлық нөмірі (коды) 10-151-021-

Алаңы 4,0 гектар, оның ішінде ауыл шаруашылық алқаптары - _____ га, (егістік _____ га, көпжылдық екпе шөптер _____ га, шабындықтар 0,0 га, жайылымдық - _____ га,) басқа алқаптар - _____ га

Нысаналы мақсаты «құс шаруашылығымен айналысу» үшін

Пайдаланудағы шектеулер және қиындықтар жоқ

Бөлінуі немесе бөлінбеуі бөлінбейді

2. Жер учаскесін жалдау құқығының бағасы

1. «Қармақшы аудандық жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі белгілеген жер учаскесін бағалық құны 380 000 (үш жүз сексен мың) теңгені құрайды.

2. Жер учаскесіне жалдау құқығын сатып алу бағасы жер аукционының нәтижесі (2022 жылғы _____ сауда саттық хаттамасы және Ақтөбе ауылдық округі әкімдігінің № _____ - шешімі) бойынша белгіленген 0,0 (0) теңгеге тең және оны Сатып алушы төлеуге тиіс.

3. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

1. Сатып алушының жер учаскесін Қазақстан Республикасының Жер кодексінің талаптарына сәйкес пайдалануға құқығы бар.

2. Сатушының Сатып алушының тарапынан шарт талаптары орындалмаған жағдайда келісім шартты бір жақты бұзу құқығы бар.

3. Сатып алушы: жер учаскесін жеке меншік құқығын сатып алу бағасын Сатушыға банктік 5 күн ішінде 50% және 2022 жылға дейін қалған самасын төлеуге; шарттың талаптарын, жер учаскесін нысаналы мақсатына сай пайдалануға; сондай-ақ Қазақстан Республикасының Жер кодексінің, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген жер учаскесін пайдалануға құқықтарды шектеуді және олардың

қиындықтарын сақтауға, өзге меншік иелері мен жер пайдаланушылардың құқықтарын бұзбауға міндеттенеді.

Сатып алушының жер учаскесінің сатып алу бағасын төлеп, жер учаскесінің құжаттарын толық рәсімдемейінше, жер учаскесін пайдалана алмайды және жер учаскесін нысаналы мақсатына қарай пайдаланбайынша алыс-беріс актісін (сату, сыйға тарту, мұраға қалдыру) мәмілелерін жасауға құқығы жоқ.

4. **Сатушы** Шарт талаптарына сай жер учаскесін беруге; жер учаскесіне құқықтарды шектеудегі барлық қиындықтар туралы Сатып алушыны хабардар етуге міндеттенеді.

4. Тараптардың жауапкершілігі

Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Шарт талаптарын орындамағаны не тиесілі орындамағаны үшін жауапты болады.

5. Дауларды қарау тәртібі

Келіссөздер жолымен шешуге болмайтын Шарттан туындайтын барлық келіспеушіліктер сот тәртібімен қаралады.

6. Шарттың қолданылуы

1. Шарт оны мемлекеттік тіркеген күннен бастап күшіне енеді.
2. Шарт екі данада жасалады, сның бәрі Сатып алушыға, екіншісі Сатушыға беріледі.
3. Жер учаскесін жалдау құқығы 5 жыл мерзімге сатып алынды.

Тараптардың заңды мекен-жайлары мен деректемелері:

Сатушы

«Қармақшы аудандық жер қатынастары бөлімі» КММ

Мекен-жайы: Жосалы кенті, Ораз ахун көшесі №44

Есепшоты: KZ05070106KSN3304050

Облыстық қазынашылық басқармасы МҒО
ККМҒКЗ2А БИН 950140001177

Код 303202 Кбе 11

Сатып алушы

Мекен-жайы:

ЖСН

Қолы

Қолы

Е.М.Еркебаев

М. О.

